

ОРТА АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

Орталық Азия



Орта Азия - Азия құрлығының Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан Республикалары мен Қазақстанның оңтүстік облыстарының жерлерін қамтитын аймақ.

Орталық Азия – Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде бұрынғы Орта Азия республикалары мен Қазақстан аумағында пайда болған геосаяси кеңістік. Геоаймақ ресми түрде 1993 жылы 4 қаңтарда Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан Республикалары президенттерінің Ташкент қаласында өткен саяси, экономикалық ынтымақтастықты нығайту мәселелері жөніндегі басқосуында бекітілді. Орталық Азия болып аталуы – жер аумағының Еуразия құрлығының ортасында орналасуына және бұл елдердің тарихы, діні мен тілі, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпы, мәдениеті мен шаруашылығындағы жақындықтар, ұқсастықтардың көп болуына байланысты. Орталық Азия аймағының аумағы 4 млн. км²-ден асады, халқының жалпы саны 60 млн. адамды құрайды. Аймақ елдерінің сыртқы сауда және экономикалық қатынастарында ежелгі Ұлы жібек жолының қайта жаңғыруы өз көрінісін беруде, әрі Ресей, Қытай және ТМД-ның басқа да елдерімен дәстүрлі байланыстарын жалғастыруда. Орталық Азия аумағында Қытай, АҚШ, Үндістан, Батыс Еуропа және мұсылман елдерінің осы аймақтағы геостратегия мүдделері түйіскен. Орталық Азияның саяси-әлеуметтік өміріндегі өзіне тән ерекше қасиет – ол ислам әлемінің бір бөлігі саналады және христиан, буддизм, индуизм, т.б. өркениеттердің тоғысуымен де ерекшеленеді. Аймақ шығыс пен батыс елдерін жалғастыратын біріктіруші көпір қызметін атқарады.

Орталық Азия мемлекеттері және ЕО

Екі континенттің торабында орналасқан Орталық Азия, Еуропа мен Азия арасындағы тарихи көпір болып табылады. Оны бұрынғы кеңес республикалары - Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан құрайды.

Қазақстан мен Түрікменстанды батыстан әлемдегі ең ірі жабық теңіз – Каспий жағалауы айнала қоршайды. Солтүстікте Ресей, оңтүстікте – Ауғанстан мен Иран орналасқан. Әріптестік қатынастарды дамытуға, бейбіт өзара әрекеттесуді және өркендеуді ынталандыруға ЕО сияқты, сондай-ақ өңір мемлекеттерді де мүдделі.

2007 ж. ЕО мен Орталық Азия арасындағы стратегия бекітілген уақыттан бастап екі тарап та тығыз ынтымақтастық пен сенімді қатынастарды өзара пайдамен қолдануда. Стратегия нақты міндеттерді іске асыру кезінде әр елдің мұқтаждарын бағалайды. Бұл міндеттер тұрақтылық пен қауіпсіздікті, тұрақты экономикалық даму мен кедейлікпен күресті, сонымен қатар өңірдің ішінде сияқты, сондай-ақ ЕО мен Орталық Азия арасындағы тығыз өңірлік үйлестіруді қамтиды.

Бүгінгі таңда Еуропалық Одақ өңірге және әр елге жеке инвестициялауды жалғастыруда. 2007-2013 жж. кезеңінде ЕО нақты елдердегі әртүрлі өңірлік бағдарламалар мен жобаларға шамамен 719 млн. евро бөлді.

Өңірлік бағдарламалар алты бағытта әрекет етуде:

Энергетика және су ресурстары

Орталық Азияның табиғи қорларының энергетикалық әлеуетін іске асыру үшін ЕО-да Еуропаға мемлекетаралық мұнайгазкөлік дәлізі бағдарламасы (ИНОГЕЙТ) әзірленді. ИНОГЕЙТ мұнай мен газ, электр энергетика және жаңғыртылатын энергия мен энергетикалық тиімділігі көздері салаларына жатады. Бағдарлама бірқатар қызметтерді, оның ішінде техникалық-экономикалық негіздеме жүргізуді, заң және институционалдық жәрдем мен техникалық көмек көрсетуді ұсынады. Бұдан басқа, ИНОГЕЙТ мемлекетаралық инфрақұрылымға шамалы инвестицияларды қолдайды.

***INOGATE (Иногейт)** – Еуропалық одақтың (ЕО), Түркия мен Ресей Федерациясынан басқа ТМД елдері арасындағы энергетика саласындағы халықаралық ынтымақтастық бағдарламасы. Ресми атауы – «Еуропалық одақ, Каспий және Қара теңіз өңірі елдерінің, және олармен көршілес елдер арасындағы энергетика саласындағы халықаралық ынтымақтастық бағдарламасы».*

Көлік

Орталық Азия арқылы өткен Жібек Жолы өзімен бірге тауарлар мен мәдениеттер әкелген. Бүгін Орталық Азия көлік инфрақұрылымын жетілдіру жөніндегі стратегияны әзірлеумен қайта айналысуда. Бір орыннан екіншіге кедергісіз орын ауыстыру өңірлік сауданы дамыту мен жетілдіру үшін қажет. Өңір елдерінің аумағында және олардың арасында жол мен теміржолдар салу басым болып табылады.

Осы стратегияға жәрдем көрсету үшін Еуропа-Кавказ-Азия көлік дәлізі бағдарламасы (ТРАСЕКА), әзірленді, оның аясында көлік және сауда саласында сараптамалық қолдау ұсынылады. Бұл Еуропа, Кавказ және Азия арасындағы сауданы жеңілдетуге, халықаралық көлік дәлізін интеграциялауға, сондай-ақ өңірдің көлік және сауда жүйелеріндегі проблемаларды шешуге ықпал етеді. Сондай-ақ, жоба халықаралық қаржы институттары, даму саласындағы әріптестер мен жеке инвесторлар тарапынан қаржыландыру тартады.

Көлік құрылысы – темір жол, автомобиль, су, әуе көлігі, құбыр желісі нысандарын салу және қайта жаңғырту (құралымдау) жұмыстарын жүзеге асыратын құрылыс саласы. Оған т. ж. мен автомоб. жолдарын, аэродромдар, көпірлер, туннельдер, метрополитендер, алаптар, теңіз және өзен айлақтарын, каналдар, магистралды мұнай және газ құбырларын, вокзалдар, деполар, т.б. көлік үйлерін салу, т. ж. жүйесін электрлендіру, автоматика және телемеханика қондырғыларын орнату ісі жатады.

Шағын және орта бизнес

Басқа басымдық шағын және орта бизнесті (ШОБ) дамыту жөніндегі өңірлік кооперация болып табылады. Бірқатар бастамалар бар, мысалы "Орталық Азия Инвест" өңірлік бағдарламасы, оның мақсаты – әлеуетті жоғарылату жөніндегі жобалар арқылы ШОБ дамытуға ықпал ету. Атап айтқанда, бағдарлама ШОБ қолдау үшін жергілікті іскерлік делдал ұйымдар (ІДҰ) құруға ықпал етеді. ІДҰ сауда палаталары, арнайы сауда, өнеркәсіп және кәсіби ассоциациялар, реттеу органдары және сауданы, инвестицияларды және коммерциялық қызметті дамыту агенттіктері, сондай-ақ салалық агенттіктер болып табылады.

Орталық Азия Инвест 2007 жылы құрылған программа. Ол Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікістан, Түркменістан и Өзбекістан мемлекеттері арасындағы үлкен және орта бизнесті дамытуға көңіл бөледі. Бұл программа екі деңгейде жүреді: кіші және орта кәсіпорындардың Орталық Азия ұйымдық-делдал қызметін жақсарту деңгейінде, сонымен қатар саяси деңгейде де іскерлік ахуал деңгейін көтеруге арналған.

Шекараны басқару және есірткімен күрес

Сонымен қатар өңірлік тұрақтылық есірткі заттар өндірісін, іске асыруды және тасымалдауды тоқтатуды білдіреді. Осыған байланысты есірткі саудасымен байланысты қылмыстық іс-әрекеттер, сондай-ақ олардың адам үшін теріс салдары құжаттамаланды.

ЕО есірткімен күреске жәрдемдесу және шекараны басқаруды жетілдіру мақсатында екі бағдарлама әзірледі. Орталық Азияда шекараны басқару бағдарламасы (БОМКА) өңірдің қауіпсіздігін арттыруға, заңды сауда мен транзитті жеңілдетуге және тауарлар мен адамдардың заңсыз орын ауыстыруын қысқартуға бағытталған. Сонымен қатар Есірткеге қарсы іс-әрекеттердің Орталық Азия бағдарламасы (КАДАП) есірткеге қарсы қызмет аясында еуропалық және халықаралық практикаларды біртіндеп қабылдауға бағытталған .

Орталық Азияның шекерасын бақылауға арналған ЕО мен ПРООНның көмегімен жасалған Орта Азиядағы ең үлкен бағдарлама. БОМКАның негізгі стратегиясының негізі – Орта Азиядағы мемлекеттер арасындағы шекаралық тұтастықты сақтау. Сонымен қатар БОМКА Орта Азия мемлекеттеріне экономикалық дамуы мен сауда қатынасын басқа елдермен реттеуге көмектеседі.

КАДАП (Есірткеге қарсы іс-әрекеттердің Орталық Азия бағдарламасы) – негізгі қызметі атауы айтып тұрғандай Орталық Азия мемлекеттерінде есірткінің таралуына қарсы программа.

Білім және ғылым

Жалпыға бірдей білім беру саласында Мыңжылдық Даму Мақсаттарына жету 2015 ж. белгіленген. Осы Мақсаттарды Орталық Азияда іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі ЕО қаржыландыратын бағдарламалар қазір қолданылуда. Бірақ ЕО мектеп білімінен басқа, өңірлік зерттеудің және оқытудың күшті желісін дамытуда, бұл университеттер мен ғылыми-зерттеу орталықтарын жылдамдығы жоғары Интернетке қол жетімді қылады. Қосымша ақпарат алу үшін Орталық Азия Ғылыми-Зерттеу Желісінің (CAREN) веб-сайтына кіріңіз.

2009 жылдың қаңтарында іске қосылған Орталық Азиялық білім мен зерттеулердің жоғарғы желісі. Ол Интернет желісіне жылдам қосылып, университеттер мен зертханаларға арналған.

Қоршаған ортаны қорғау

Аумағында әлемдегі ең солтүстік шөл дала және ең ірі жабық теңіз орналасқан Орталық Азия, әртүрлі ландшафымен ерекшеленеді. Бірақ ормандарды шауып алу, шөлге айналу, табиғи катаклизмалар мен климат өзгерістері үнемі қауіп тудырады. Табиғи қорларды және биологиялық әртүрлілікті қорғау Орталық Азия Экологиялық бағдарламасының шеңберінде басымдық болып табылады. Бұл бағдарлама екі фазаға бөлінген. Бірінші фаза су ресурстарымен байланысты және 2012 жылға дейін қолданылады. Екінші фаза әзірлеу сатысында, бірақ біріншіні кеңейтуге тиіс және 2013 жылға дейін қолданылатын болады.

Орталық Азияда негізгі проблема ол – қоршаған ортаны қорғау мен су мәселесі бірінші қатарда тұр. Сол себепті 2008-2013жж аралығына көзделген негізгі экологиялық бағдарлама жасалынды.

Қырғызстан

Қырғыз Республикасы, Қырғызстан — Орта Азияда орналасқан мемлекет. Жер аумағы – 198,5 мың км². Халқы – 5,2 миллион адам. Қырғыздар (60,6%), орыстар (15,3%), өзбектер (14,3%), украиндар, татарлар, қазақтар, ұйғырлар, немістер, тәжіктер, дүнгендер, т.б. ұлт өкілдері тұрады. Астанасы – Бішкек қаласы (624 мың адам). Конституциясы бойынша – Президенттік басқару нысанындағы мемлекет. Заң шығарушы органы (Жоғарғы Кеңес) 2 палатадан тұрады. Ресми тілдері – қырғыз және орыс тілдері. Ұлттық мерекесі – 31 тамыз – Тәуелсіздік күні. Ақша бірлігі – сом.



Экономикасы

Кеңес Одағы ыдыраған соң, бұрынғы дәстүрлі байланыстар үзіліп, ел экономикасына едәуір нұқсан келді. Бүгінгі таңда Қырғызстан нарықтық экономика жүйесіне көшуге талпыныстар мен әрекеттер жасауда. Елдегі жиынтық жалпы өнім мөлшері 2008 жылғы мәлімет бойынша 12 миллиард АҚШ долларын құрайды. Оның 47%-ы ауыл шаруашылығы өнімдерінің, 12%-ы өнеркәсіп, ал 41%-ы өндіруші емес саланың үлесіне тиесілі.

Өнеркәсіптің негізгі маманданған салалары электр энергетикасы, тамақ өнеркәсібі және жеңіл өнеркәсіп, тірсті металлургия болып табылады. Электр энергиясын өндіру оңтүстіктегі Нарын өзені мен оның салаларында орналасқан СЭС тізбегіне негізделеді. Олардың ең ірісі—Тоқтағұл СЭС-і, жылына 4 миллиард кВт/сағ электр энергиясын өндіреді. Бұл салаға қазіргі кезде өте көп шетел және Ресей қаржысы жұмсалуда. Отын өнеркәсібі Ош және Жалалабад облыстарындағы қоңыр көмір мен Ыстықкөл қазаншұңқырынан өндірілетін таскөмір негізінде өркендеуде.

Жеңіл өнеркәсіп өнімдері көлемі күннен-күнге артуда, жүн түту, кігіз басу, кілем тоқу, тері-былғары илеу сияқты салалары өркендеуде. Елдің оңтүстігінде мақта өңдеу мен жібек шаруашылығы дамыған. Тамақ өнеркәсібі жергілікті шикізатты өндеуге бағытталған.

Түсті металлургия, негізінен, сыртқа өнім шығаруға маманданған. Ош облысындағы Қадамжай комбинаты өндіретін сурьма халықаралық нарықта эталон ретінде бағаланады. Осы облыстағы Хайдарқан елді мекені жанындағы сынап кенінің маңызы аса зор. Мұнда қосымша қорғасын-мырыш концентраты алынып, одан әрі өңдеуге Қазақстанға жіберіледі. Жаңа іске қосылған алтын (Жалалабад облысындағы "Макмалалтын"), сондай-ақ қалайы (Ыстықкөл облысының оңтүстік-шығысы) комбинаттары шетелдік қаржы көмегімен ғана жұмыс істеуде.

Қырғызстан — Орта Азиядағы бірден-бір мал шаруашылығы басым ел. Ол Қырғызстан жерінің басым бөлігінің таулы болуымен, өнделетін жер үлесі көрсеткіштің төмендігімен түсіндіріледі. Өнделетін жерлердің басым көпшілігі Шу облысында шоғырланған, оның 25%-ы шабындықтардың үлесіне тиеді. Шу аңғарын бойлай 200 км-ге созылған Үлкен Шу каналы өтеді, одан егістіктер мен бау-бақшаларға су жеткізетін көптеген тармақтар бөлінеді. Нарын облысында жайылымдардың, әсіресе қысқы жайылымдардың үлесі басым. Елдің оңтүстігіндегі Ферғана жотасының беткейлерінде пішен дайындалады.

Қырғызстан қой малының саны мен жүн өндіруден ТМД елдері арасында Ресей мен Қазақстаннан кейін 3-орын алады. Соңғы жылдары қой саны 4,5 млн басқа дейін қысқарды. Негізінен, биязы жүнді, жартылай биязы жүнді қойлар бағылады. Тауалды белдеуі мен орта таулы аудандарда етті-сүтті бағыттағы ірі қара мал, биік тауларда қодас өсіріледі. Жылқы малының саны салыстырмалы түрде кеп (300 мың бас), Қазақстанда бұл көрсеткіш 985 мың басқа жеткен. Таулы аудандардағы шаруашылықтарда қырғыз халқының сүйікті сусыны — қымыз дайындалады. Ыстықкөл жағалауында асыл тұқымды жылқылар есіретін шаруашылықтар бар.

Екіншілік құрылымында 50%-ын дәнді дақылдар, 41%-ын малазықтық шөптер құрайды, қалғаны техникалық және көкөніс-бақша дақылдарының үлесіне тиеді.

Ферғана аңғарында мақта және темекі өсіріледі, Шу облысында қант қызылшасының егістіктері қалпына келтірілуде. Елдің солтүстігі мен оңтүстігінде жүзімдіктер мен жеміс бақтары едәуір алқаптарды қамтиды. Жалалабад облысында табиғаттың қайталанбас ескерткіші болып саналатын грек жаңғағының реликтілік ормандары өседі.

Өзбекстан

Өзбекстан

Республикасы Орталық Азияда орналасқан мемлекет.

Жер аумағы – 442,4 мың км².

Халқы – 24,6 миллион (2000). Негізгі халқы – өзбектер (75,8%), онан басқа орыстар (6%), тәжіктер (4,8%), қаз ақтар (4,1%), татарлар (2,4%), қарақал пақтар (2,1%), т.б. ұлт өкілдері тұрады.

Мемлекеттік тілі – өзбек тілі.

Тұрғындары негізінен ислам дінін ұстанады.

Астанасы

– Ташкент қаласы (2,1 миллион адам)



Өзбекстан индустриалды-аграрлы мемлекет

1913 жылы бүкіл фабрика, зауыт өндірісі жалпы өнімінің 85%-ы мақта тазалау мен май айыру саласының үлесіне тиіп, ауыр индустрияның өндірісі 2% шамасында болған. Кеңес өкіметі жылдарында жаңа өндіріс салалары құрылып, ауыр индустрияның үлес салмағы артты.

1990 жылы ол бүкіл өнеркәсіп өндірісі көлемінің 44,4%-ын құрады. Ташкент авиациялық-өндірістік бірлестігінде “Ил-76”, “Ил-114”, Ил-114 т.” ұшақтары шығарылады.

1996 жылы Оңт. Кореялық “Daewoo” фирмасымен бірлесіп өндірістік қуаты жылына 200 мың жеңіл автомобильдік шығаруға жететін зауыт іске қосылды. Сонымен бірге автомобилдерді жабдықтауға арналған бұйымдар жасайтын кәсіпорындар құрылып, жүк автомобильдері мен автобустар шығаратын зауыттар салынды. Жеңіл өнеркәсіп орындары республикадағы өнеркәсіп өнімінің 20%-ынан астам бөлігін өндіреді.



Тәжікстан

Тәжікстан Республикасы – Оңтінде Ауғанстанмен, солүстік мен батысындаӨзбекстанмен, солтүстігінде Қырғызстанмен, шығысында Қытаймен шектеседі. Жер аумағы – 143,1 мың км². Халқы – 6,579 миллион (2001). Халқының 62%-ын тәжіктер, 23%-ын өзбектер, 5%-ын орыстар, қалған 10%-ын түрікмендер, қазақтар, қырғыздар, кәрістер, немістер, т.б. құрайды. Астанасы – Душанбе қаласы (608 мың адам) (2000). Ресми тілі – тәжік тілі. 1994 жылы қабылданған Конституциясы бойынша – президенттік басқару нысанындағы зайырлы мемлекет. Заң шығарушы органы – меджлис. Тәжікстан құрамына Таулы Бадахшан автономиялы облысы кіреді. Тәжікстан әкімшілік жағынан Зоблысқа бөлінеді. Ақша бірлігі – сомони.



Электр энергетика өндірісі – **Тәжікстан** индустриясының басты салаларының бірі. Электр энергиясы негізінен Ресейге, Түрікменстанға және Иранға шығарылады. 2002 жылы **Тәжікстанның** сыртқы сауда айналымы 1 млрд. 73,6 миллион долларды құрады. **Тәжікстан** экспортының 55%-ын алюминий құрайды. 2002 жылы 226,2 мың т алюминий сыртқа жөнелтілді. **Тәжікстан**тау-кен өндірісінің негізгі өнімдері – қорғасын-мырыш, сүрме-сынап, вольфрам-молибден, висмут кендері, алтын және флюорит. Машина жасау және металл өңдеу кәсіпорындары тоқыма станоктарын, ауыл шаруашылық машиналарын, тоңазытқыш, электртехникалық қондырғылар, трактор бөлшектерін, т.б. шығарады. Химия өнеркәсібінен минералдық тыңайтқыштар өндірісі дамыған. Құрылыс материалдары өндірісінен цемент-шифер комбинаты, темір-бетон және бетон конструкциялары зауыттары, гипс, алебастр, әктас зауыттар жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығында мақта егуге ерекше көңіл бөлінген. Мақта экспорты сыртқы айналымның 14,1%-ын құрайды. Егістік алқаптың 64,5 мың га жеріне жеміс-жидек, 21 мың га жерге жүзім отырғызылған. Жүзімдік және бақ **Тәжікстанның** оңтүстік-батыс жағында және Батыс Памирде өрік, шабдалы, алма, алмұрт, айва, анар, інжір өсіріледі. Кейінгі жылдары лимон өсіріле бастады. Етті-жүнді және етті-сүтті мал шаруашылығы дамытылуда. Жібек құрты өсіріледі. Таулы-Бадахшан автономиялы облысында биік таулық жайылымдықтарда мал шаруашылығымен бірге бақ, темекі өсірудің және тау-кен өндірісінің үлесі басым

Түрікменстан

Түрікменстан — жер көлемі 488,1 мың км² алып жатқан, батыстан шығысқа 1100, солтүстіктен оңтүстікке 650 км созылып жатқан Орталық Азиядағы мемлекет.



Экономиканың барлық саласында мемлекет үстемдік етіп отыр.

Мемлекеттік бюджет кірісінің қомақты бөлігін мұнай мен газды сыртқа шығарудан басқа мақта иіру кәсіпорындарының тізбесінен түсетін салық та құрайды.

Мұнда Менделеев кестесіндегі элементтердің бәрі де бар. Жерінің 80 % мұнай мен газ бар. Осы уақытқа дейін олардан 144 кен орны табылған. Бірақ соның әзірге 40-қа жуығы ғана игерілуде.

Газдың болжамды қоры 21-23 трлн м³, ал мұнайдікі 12 млрд тоннаға жуық делінеді.

Жоғары технологияға негізделген ондай кәсіпорындар саны қазір 63-ке жеткен. Жыл сайын бұл елде 158 млн м² мақта-мата бұйымдары мен 82 мың тонна жіп иіріледі. Осы өнімдерін Түркіменстан әлемнің жоғары дамыған 30-дан артық еліне шығарып тұрады.

Жалпы, бұл ел әлемнің 80-нен артық елмен белсенді сауда-экономикалық байланыстар жасайды.

Қазақстан мен Түркіменстан арасындағы құрлықтағы шекараның ұзындығы 426 км.

Ол 2001 ж. шілденің 5-інде ратификацияланған



Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы — Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда орналасқан мемлекет. Жер көлемі жағынан әлем елдерінің ішінде 9-орын алады (2 724 900 км²). Батысында Еділді төменгі ағысынан, шығысында Алтай тауларна дейін 3000 км-ге, солтүстіктегі Батыс-Сібір жазығынан, оңтүстіктегі Қызылқұм шөлі мен Тянь-Шань тау жүйесіне 1 600 км-ге созылып жатыр. Қазақстан Каспий теңізі арқылы Әзірбайжан, Иран елдеріне, Еділ өзені және Еділ-Дон каналы арқылы Азов және Қара теңіздерге шыға алады. Мұхитқа тікелей шыға алмайтын мемлекеттердің ішінде Қазақстан - ең үлкені.



Қазақстан экономикасы - Қазақстанда нақты жұмыс істейтін нарықтық экономика құрылған. 2006 жылғы мамырда экономикадағы жұмыспен қамтылғандар саны 7991,4 мың адам болды. Өнеркәсіптің жетекші салаларының қатарына түсті және қара металлургия жатады. Қазақстанның мысы, қорғасыны, мырышы және кадмийі сапасының жоғары деңгейде болуына байланысты әлемдік нарықта сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті.

Қазіргі таңда экономикалық дамудың негізгі көзі елдің шикізат әлеуетін пайдалану болып табылады. 1985 жылмен салыстырғанда көміртегі шикізатын өндіру көлемі 225 пайызға өсті, ал дүние жүзі бойынша бұл көрсеткіш 1,3 есеге жуық өсті. 2005 жылы мұнай өндіру (газ конденсатын қоса алғанда) 61,9 млн. тоннаға, табиғи газ өндіру 25,2 млрд текше м болды. Қазақстанда болашақта ашық кен орындарын игеру есебінен 2015 жылға қарай 150 млн. тонна мұнай және 79 млрд текше м газ мөлшерінде көмірсутегі шикізаты өндіріледі. 2009 жылдан бастап мұнай өндірудің негізгі өсімі Каспий шельфінде байқалады деп көзделіп отыр. Еуропа елдері Қазақстан экспорты көлемінің негізгі бөлігін алады. Қазақстан ірі отын-энергетикалық өңір болып табылады. Еуропа елдері арасында Қазақстан экспортын негізгі тұтынушылар Швейцария, Италия, Польша, Германия болып табылады. Еуропа елдеріне экспорт жасау мұнай, ферроқорытпалар, металлургия өнеркәсібі өнімдерін, бидай сату есебінен артып отыр. Азия өңіріндегі елдерге қазақстандық өнімдерді жеткізу көлемі ұлғайды, онда негізгі тұтынушылардың бірі қытай өнеркәсібі болып табылады.

Жылы	Жалпы ішкі өнім	АҚШ долларының айырбас бағамы	Инфляция индексі (2000=100)	Жан басына шаққандағы ЖІӨ (АҚШ деңгейінің % үлесі)
1995	78,014,200	61.11 тенге	64	3.81
2000	102,599,902	142.26 тенге	100	3.53
2005	147,453,000	132.88 тенге	140	9.01



The
End